

ҚАЗАҚ ТІЛІ

Жұмыс дәптері

7
СЫНЫП



К. М. Бекмұхамбетова, А. Қ. Биисова

ҚАЗАҚ ТІЛІ




Зерде бұзылыстары бар балаларға арналған
арнайы мектептердің (сыныптардың)
7-сыныбына арналған жұмыс дәптері

Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрлігінің тапсырысы бойынша

Алматы
2019

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 81.2 Қаз-922
Б 39

Шартты белгілер:

-  – Күрделіліктің төменгі деңгейіндегі тапсырма.
-  – Күрделіліктің орташа деңгейіндегі тапсырма.
-  – Күрделіліктің жоғары деңгейіндегі тапсырма.

Бекмұхамбетова К. М.

Б 39 Қазақ тілі. Зерде бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектептердің (сыныптардың) 7-сыныбына арналған жұмыс дәптері / К. М. Бекмұхамбетова, А. Қ. Биисова. – Алматы: «ӘБЕО орталығы» ЖШС, 2019. – 48 б.

Жұмыс дәптері оқушының сабақта алған білімін одан әрі кеңейту мақсатында ұсынылып отыр. Жұмыс дәптерінде анықтамаларды еске түсіру, кестелерді толтыру, суреттермен жұмыстану сияқты мұқият, тиянақты білімді қажет ететін тапсырмалар берілген.

ISBN 978-601-249-661-1

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 81.2 Қаз-922

ISBN 978-601-249-661-1

© «ӘБЕО орталығы» ЖШС, 2019

Жас дос!

«Жұмыс дәптері» сенің сабақта алған біліміңнің арнасын одан әрі кеңейту мақсатында ұсынылып отыр. Жұмыс дәптеріндегі тапсырмалар, анықтамаларды еске түсіру, кестелерді толтыру, суреттермен жұмыстану сенен мұқият, тиянақты білімді қажет етеді.

«Жұмыс дәптерімен» үзіліссіз, үнемі жұмыс істегенде ғана «Қазақ тілінен» жақсы білім алуға болады. Ал жақсы білім алу – бүгінгі өмір талабы.

«Жұмыс дәптерінің» басты мақсаты – сені өздігіңнен еңбектене отырып, өз ойыңды тұжырымдап, қорытынды жасай білуге үйрету.

Дәптермен жұмыс жүргізу барысында білімдеріңнің толыса түсері сөзсіз:

- әртүрлі суреттерді, кестелерді толтыру арқылы оқулықтан алған біліміңді толықтырасың;
- әртүрлі сұрақтарға жауап беріп, көп нүктенің орнына жауап жазу, кестені толтыру білім деңгейлеріңді көтеріп, белгілі бір қорытынды жасауға үйретеді;
- тапсырмалардың деңгейі әртүрлі болғандықтан, «Жұмыс дәптерімен» мұғалімнің бағыт-бағдары бойынша жұмыс жасайсың;
- берілген тапсырмаларды орындау барысында ойлау қабілетің дамып, қазақ тілі пәніне деген қызығушылығың арта түседі.

Саған ізденіс жолында сәттілік тілейміз!

МЕНИҢ ТУҒАН ӨЛКЕМ



Дыбыс және әріп

Тіл дыбыстары қалай жасалады?

Мысалы: *ас, гүл, алма, қалам* сөздері неше дыбыстан жасалған?

● ● ● 1-тапсырма. Сөздерді оқы.

Ана, ар, ақыл, адам, тал, жұрт, Жер, бұлт, Күн, ауыл, ер, ас, жар, өрік, шие, алма, көл, тал, Отан.

Дыбыс санына қарай сөздерді әр бағанға топтап жаз.

Үлгі:

Ар

Ана

Ақыл

Әріп не үшін қолданылады?

Мысалы: *тау, ұй, ойын* сөздері неше әріппен таңбаланған?

●● 2-тапсырма. 1. Суреттегі жемістердің атын ата.



2. Сөздер неше дыбыстан, неше әріптен құралғанын айтып жаз.

Мысалы: шие – 3 дыбыстан, 3 әріптен.

●●● 3-тапсырма. Өлеңді мәнерлеп оқы. Қарамен жазылған сөздерге дыбыстық талдау жаса.

Туған ел

Байтақ дала туған жердің
Қымбат маған әр тасы,
Өзен-көлі, **самал** желі,
Асқар тауы – баршасы.
Бақыт **нұры** құшып мені
Кең **өлкеме** тарқашы!
Бір өзіңдей кең болайын,
Бақыт бердің сен маған.
Қасиетіңнен айналайын,
Туған **елім** – кең далам!

Дауысты дыбыстар

●●● 1-тапсырма. 1. Өлеңді мәнерлеп оқы, жаттап ал.

Туған жер

Туған жер – алтын бесігім,
Тербеттің мені төсіңде.

Жүреді сенің есімің
Ержеткен кезде есімде.

(Қ. Шаңғытбаев)

2. Өлеңнен дауысты дыбыстарды көшіріп жаз.

●● 2-тапсырма. 1. Сөйлемдерді оқы. Көп нүктенің орнына дауысты дыбысты қой.

Күз к...лді. Жап...рақтар сарғ...йды. Ол...р үз...ліп ж...рге т...сті.
Балал...р өртүрл... жапыр...қтарды ж...нады. К...тап, альб...м
ар...сына салд... .

2. Дауысты дыбыстардың астын сыз.

●●● 3-тапсырма. Дауысты дыбыстар тілдің қатысына қарай қалай топталады?

Жуан дауыстылар:

а, _____

Жіңішке дауыстылар:

ә, _____

2. Кестені толықтыр.

●● 4-тапсырма. 1. Жұмбақтарды шеш. Торкөздің орнына тиісті әріпті қой.

- Қатар-қатар бүрмелі,
Етек-жеңі түймелі.
Қозғай берсең түймесін,
Таусылмайды күйлері.

Д						а
---	--	--	--	--	--	---

- Шарлап келіп даланы,
Үйіме үйін салады.

Қ							Ш
---	--	--	--	--	--	--	---

2. Жұмбақтардың шешуінен дауысты дыбыстарды бөліп жаз.

Дауыссыз дыбыстар

●●● Дауыссыз дыбыстар дегеніміз не?

●●● 1-тапсырма. Берілген сөздерден дауыссыз дыбыстарды ажыратып жаз.

Орман, тоғай, аң, жапырақ, терек, аққайың, құс, тиін, аю, саңырауқұлақ, түлкі, қасқыр, ақбөкен, киік, бұғы.

Қатаң дауыссыздар:

Ұяң дауыссыздар:

Үнді дауыссыздар:

●● 2-тапсырма. Көп нүктенің орнына қатаң, ұяң, үнді деген үш сөздің тиістісін қойып жаз.

П, қ, к, т, с, ш, щ, ф _____ дауыссыз дыбыстар.

Б, в, г, ғ, д, ж _____ дауыссыз дыбыстар.

Р, л, м, н, ң _____ дауыссыз дыбыстар.

●● 3-тапсырма. 1. Мына сөздерден сөйлем құрастырып жаз.

Отан, құрылыс, қала.

●● 4-тапсырма. 1. Жұмбақты көшіріп жазып, шешуін тап.

Жалпақ тұмсық жайын,

Жүрсең дәнің дайын.

2. Тұмсық деген сөзге дыбыстық талдау жаса.

Үлгі: Т – дауыссыз, қатаң дыбыс.

Ұ –

М –

С –

Ы –

Қ –



ДЕНСАУЛЫҚ – ЗОР БАЙЛЫҚ



Буын және оның түрлері

● ● ● Буынның анықтамасын еске түсір.

Буын неше түрге бөлінеді? _____

1. *Ашық буын* дегеніміз –

2. *Тұйық буын* дегеніміз –

3. *Бітеу буын* дегеніміз –

Ашық буын

●●● Анықтаманы толықтыр.

Ашық буын дегеніміз –

Мысалы: _____

●● 1-тапсырма. 1. Өлеңді мәнерлеп оқы.

Спортты дос көрмеу,
Қол сілтеп дес бермеу.
Тән бұл тек жалқауға,
Болбырға бос белбеу.
Есірткі жойылсын,
Ішімдік құрысын.
Мәдениет өркендеп,
Табиғат көркейіп,
Қазақтың сымбатты
Ұл-қызы көбейсін!

2. Өлең сөздерінен ашық буынды тауып, теріп жаз.

●● 2-тапсырма. Мақалды оқып, есте сақта. Қарамен белгіленген сөздерді буынға бөліп жаз.

Еңбек – барлығын жеңбек.

Еңбек ет те, мақтан,
Ойнап-күл де, шаттан.

Еңбексіз өмір жоқ,
Ауырсыз **жеңіл** жоқ.

Тұйық буын

●●● Анықтаманы толықтыр.

Тұйық буын дегеніміз –

Мысалы: _____

●●● 1-тапсырма. Тұйық буынды сөздерді қатыстырып сөйлем құрастыр.

Ұн, өт, өн, аң, ай, ... _____

●● 2-тапсырма. Мәтінді түсініп оқып, көшіріп жаз. Тұйық буынды сөздерді ажыратып жаз.

Менің Айдос деген досым бар. Екеуміз демалыс күндері шахмат ойнаймыз. Айдос атқа мінгенді ұнатады. Біз орманға серуенге шығамыз. Айдос бос уақытында өн салып, би де билейді. Жалпы менің досым – сегіз қырлы, бір сырлы бала.

●● 3-тапсырма. Тез айтып жаттық! Тұйық буынды сөздерді теріп жаз.

Ұста еңбек тарланы,
Ұғып алғын, бар мәні!
Ұстамасаң балғаны,
Ұстап көрші, ал, көне!

Бітеу буын

● ● ● Анықтаманы толықтыр.

Бітеу буын дегеніміз –

Мысалы: _____

● ● 1-тапсырма. 1. Мәтінді түсініп оқып, мазмұнын әңгімелеп бер.

Қазақ халқының батыр ұлы, былғары қолғап шебері Бекзат Саттарханов бокспен бала кезінен айналысқан. Бекзат боксшы болуды армандаған, сондықтан ол спорт залында көп жаттыққан. Ол жиырма жасында олимпиада жеңімпазы болған.

Бейжің олимпиадасы ойынының чемпионы Бақыт Сәрсекбаев та төрт-бес жасынан бастап бокспен айналысқан. Қарсыластарын жеңіп, жеті рет Азия чемпионы болды.



2. Бітеу буынды сөздерді теріп жаз.

● ● 2-тапсырма. Өлеңді оқып, буынға бөліп жаз.

Тыңдаймын әкемді,
Тыңдаймын төтемді.
Оқы деп өзімді
Мектепке әкелді.




(С. Молдашев)

Сөз. Түбір сөз

   **1-тапсырма.** Сөз құрамының бөлшектерін және олардың шартты белгілерін жаз.



  **2-тапсырма.** Берілген сөздердің түбірін тауып, шартты белгісімен сыз.

Көмекші, достар, кітапхана, қарлығашқа, бөпешім.

   **3-тапсырма.** Мәтінді оқып, сөздердің түбірін тауып, оларды шартты белгімен көрсет.

Менің сүйікті ісім

Мен қазақша күреспен айналысамын. Күресті таңдауыма жол көрсеткен әкем болатын. Жастық шағында ол да күреске қатысқан. Меніңше, еркін күрес – спорттың ең әдемі түрі. «Балам, күреске қатысып, спортпен айналысу денсаулыққа жақсы. Шылым шекпейсің, ішімдік ішпейсің», – деп еді әкем. Осылайша мен спорт мектебіне бардым. Спорт залында көп жаттығамын. Осы еңбегімнің арқасында еркін күресте Лондон олимпиадасының қола жүлдегері болдым.

  **4-тапсырма.** Достық туралы мақал-мәтелді жаттап ал. Өзің білетін мақалды жазып, түбір сөзді тап.

Досың дос болғанда шаттан,
Дұшпанмен дос болудан сақтан.

Туынды сөздер

● ● ● Ережені еске түсір.

Туынды сөз деп _____ айтамыз. Осы себептен туынды сөздер кейде *туынды түбір* деп те аталады.

Мысал келтір: _____

● ● ● **1-тапсырма.** Сөздерді орын тәртібіне қарай орналастырып, сөйлем құрап жаз.

1) жастар, айналысады, еркін, жасөспірімдер, күреспен, мен.

2) елімізде, соңғы, дамыды, теннис, бильярд, жылдары, ойындары, жақсы.

3) үйірмесіне, күрес, жүр, қазақша, барып, Ануар.

4) спортпен, болады, айналысқан, мықты, дені, сау, адамның.

● ● **2-тапсырма.** 1. Берілген сөздерден туынды сөз жасап жаз.

Би, бас, іс, қобыз, ән, су, оқу, сый, қыс, түн, орын.

● ● **3-тапсырма.** 1. Мақал-мәтелді жаттайық. Туынды сөздерді тауып, астын сыз.

Әдептілік, ар-ұят – адамдықтың белгісі.

2. Көшіріп жазып, түбірлес сөздерді тауып, астын сызып көрсет.


Түбірлес сөздер


●●● Ережені еске түсір, аяқтап жаз.


_____ *түбірлес сөздер* деп аталады.

Мысалы: _____

●●● 1-тапсырма. Керекті жұрнақтарды қойып, түбірлес сөздерді жаз.

а) біл  ім білім
гіш _____
імпаз _____
імді _____
іс _____

ә) су  шы сушы
лық _____
ла _____
ар _____
сын _____

а) бала  лы балалы
лық _____
қай _____
дай _____
пан _____

Түбірлес сөздер дегеніміз не?

●●● 2-тапсырма. Жақшадан түбірлес сөзді тап.

өнер – _____ , басқар – _____

орын – _____ , бөлгіш – _____

(орындық, басқарма, өнерпаз, бөлме)

ТАБИҒАТ ҚҰБЫЛЫСТАРЫ



Сөз құрамы

● ● ● Анықтаманы еске түсір, аяқтап жаз.

Сөз құрамы қандай бөлшектерден тұрады?

Сөздің одан әрі бөлінбейтін мағыналы бөлігін _____ дейміз.

Мысалы: _____

Сөздің түбірге жалғанған бөлігін _____ дейміз.

Мысалы: _____

● ● 1-тапсырма. Мына сөздердің жұрнақтарын ата.

Достық, қамқоршы, қалашық, балалық, тігінші.

Қосымша және оның түрлері

●●● Қосымша _____ болып бөлінеді.

Сөз мағынасын өзгертетін қосымшаны _____
_____ дейміз.

Мысалы: _____

Сөз бен сөзді байланыстыратын қосымшаны _____
_____ дейміз.

Мысалы: _____

●●● 1-тапсырма. Төмендегі сөздердің түбіріне қосымша жалға.

Үлгі: бала – балалар, балалық,

Бала – бала... , бала... ; оқу – оқу... , оқу... ;
сурет – сурет... , сурет... ; күй – күй... , күй... ;
тау – тау... , тау... ; өзен – өзен... , өзен... ;
қала – қала... , қала... , қала... ; үй – үй... , үй... .

●● 2-тапсырма. Берілген сөздерге қосымша тіркеп жаз.

Үлгі: домбыра – домбыра-шы, домбыра-шы-лар.

Ән _____

Би _____

Күй _____

Қала _____

Таза _____

Жазу _____

Ақыл _____

Жұрнақ және оның түрлері

● ● ● Анықтаманы еске түсір, аяқтап жаз.

Жұрнақтар екі түрлі болады: _____

Сөздің мағынасын өзгертіп, жаңа сөз тудыратын _____
_____ *жұрнақ* деп аталады.

Мысалы: _____

Сөздің негізгі мағынасын өзгертпей, оған қосымша мағына үстейтін жұрнақ _____ деп аталады.

Мысалы: _____

● ● ● 1-тапсырма. Мәтінді оқы.

Желтоқсан – жылдың тұтас он екі айының соңғы айы. Көзі қыраулы қыс үй-үйдің терезелерінен сығалайды. Ағаш бұтақтарына ақ мамығын жайып тастап қонақтайды. Жержүзін ақ қырау басады. Далада үскірік ұлып, ақ түтек гулейді. Күннің жанары кішірейіп, қақаған аяз күшіне енеді. Өзен, көлдің бетінде тұрған мұз қалыңдайды. Көгілдір мұз айдындарында балалар сырғанап, асыр салады.

Асты сызылған сөздерді сөз құрамына талда. _____

● ● ● 2-тапсырма. Сөздердің жұрнақтарын ажыратып жаз.

Аңшы, күйші, биші, тазалық, балалық, қалашық, таулы, сусын, іскер, талапкер, орындық, жазушы, жаздық, түнгі, үйшік, жұмыскер.

Жалғау және оның түрлері

●●● Ережені еске түсір, аяқтап жаз.

_____ жалғау деп аталады.

Жалғау неше түрге бөлінеді?

Мысал келтір. _____

●● 1-тапсырма. Берілген сөздерге жіктік жалғауын жалға.

1. Мен бағбан... . 2. Сен қайырымды... . 3. Сіз дәрігер... . 4. Ол жүргізуші.... 5. Біз көрікті... . 6. Сендер жігіт... . 7. Сіздер ақылды... . 8. Мен тәртіпті... . 9. Сен өнерпаз... . 10. Сіз мұғалім... .

●● 2-тапсырма. Төмендегі сөздерге тәуелдік жалғау жалғап, сөйлем құрастыр.

Жұмыс, гүл, мектеп, әке, үй, кітап.

ӨНЕР

Зат есім

● ● ● Ережені еске түсіріп, аяқтап жаз.

_____ *зат есім* деп аталады.

Сұрақтары: _____

Мысалы: _____

Зат есімдер жасалуына қарай неше топқа бөлінеді?

● ● ● **1-тапсырма.** Негізгі зат есімдерді қатыстырып сөйлем құрастыр.

Ана, бала, дос, қол, қора, сарай, ауыл, ағаш, жер.

● ● **2-тапсырма.** Туынды зат есімдер қалай жасалады? Жұрнақтарын еске түсіріп, топтап жаз.

1. Есімдерден зат есім тудыратын жұрнақтар:

- а) -шы; -ші;
- ә) -
- б) -
- в) -
- г) -

● ● **3-тапсырма.** Етістіктен зат есім тудыратын жұрнақтар:

- а) -ма; -ме;
- ә) -
- б) -
- в) -
- г) -
- ғ) -
- д) -
- е) -
- ё) -

Зат есімнің септелуі

●●● Ережені еске түсір.

Септіктер неше түрлі болады?

Кестені толтыр.

Септіктер	Сұрақтары	Мысалдар	
Атау	Кім? Не?	бала	өзен
Ілік			
Барыс			
Табыс			
Жатыс			
Шығыс			
Көмектес			

●● 1-тапсырма. Мәтінді көшіріп ал, септік жалғауларын тауып, астын сыз.

Жетіген

Жетіген – жеті ішекті шертпелі музыка аспабы. Аспап ағаштан құрастырылып жасалады. Құрылысы өте қарапайым. Жетіген жүздеген жылдар өтсе де баяғы күйінде. Жетілдірілген түрінде он үш ішек байланған. Арнайы тиектер қойылған. Аспаптың үні құлаққа жағымды.



(«Ұлттық аспаптар» кітабынан.)

●●● 2-тапсырма. Зат есімдерге септік жалғауын тіркеп жаз.

1. Атам қой... өріске жайды.
2. Шолпан Алматы... келді.
3. Ағаш... жапырағы бүршік жарды.
4. Сәкен өзен... шомылуға барды.
5. Жаз... жайлауға қыдырып барамын.
6. Қайрат Қанат... ұзақ ойнады.

● ● ● **3-тапсырма.** Көмектес септігінің жалғауын тауып, астын сыз.

- а) -ға, -ге, -қа, -ке;
- ә) -ның, -нің, -дың, -дің;
- б) -нан, -нен, -тан, -тен;
- в) -ды, -ді, -ты, -ті, -ны, -ні;
- г) -мен, -бен, -пен;
- ғ) -да, -де, -та, -те.

● ● ● **4-тапсырма.** Зат есімге көмектес септігін тіркеп жаз.

Еңбек, қайық, ұя, жеміс, көктем, аспазшы, ата, бата, жылқы, дос, тума, гүл.

● ● ● **5-тапсырма. 1.** Көп нүктенің орнына тиісті септік жалғауын қойып, сөздерді көшіріп жаз.

Өнші... , жазушы... , режиссер... , өнер... , халық... , өртіс... ,
өшекей... , киім... , сазгер... , суретші ... , мүсінші ... , театр... , балет... ,
айтыскер... .

2. Өнер, сазгер, суретші сөздерін қатыстырып сөйлем құрастыр.

● ● ● **6-тапсырма.** Септіктерді сұрақтарымен есіңе түсіріп жаз.

Зат есімнің тәуелденуі

●●● Анықтаманы еске түсір.

Заттың біреуге тәуелді _____
_____ тәуелдік жалғаулары дейміз.

●●● 1-тапсырма. Үлгіге қарап сөздерді тәуелде.

Жекеше түрі

Көпше түрі

I жақ бала-м, үй-ім

I жақ оқулықтар-ым, гүлдер-ім

II жақ

II жақ

II жақ

II жақ

III жақ

III жақ

●●● 2-тапсырма. Төмендегі сөздерге тәуелдік жалғауын тіркеп жаз.

Менің гүл... , оның бала... , сіздің әке... , сенің іні... , біздің аға... , сендердің аталар... , олардың апалар... , сіздердің аталар... .

●●● 3-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып, көшіріп жаз.

1. Анар мен Саматтың _____ қалада тұрады.
2. Біздің _____ – тату-тәтті, үлгілі жанұя.
3. Менің _____ ерте бітті.
4. Сендердің _____ қайда?
5. Сенің _____ жарыстан бірінші орын алыпты.

Тиісті сөздер: інің, сабағым, мұғалімдерің, отбасымыз, апасы.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ӘДЕТ-ҒҰРЫПТАРЫ МЕН САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРІ



«Тыштырма» ырымы

Сәбиді бесікке салар кезде бесіктің түбегі тұратын тесіктен құрт, ірімшік тәттілер тастайды. Баланы бесікке бөлеп отырған әже: «Тышты ма? Тышты ма?» – деп сұрайды. Қасындағылар: «Тышты, тышты!» – деп шуылдасады. Бұл ырымды «тыштырма» деп атайды. «Тыштырманы» әйелдер ырымдап бөлісіп алып, бала-шағаларына үлестіріп береді.

Тәуелденген сөздердің септелуі

● ● ● Сөзге тәуелдік жалғауы жалғанғанда, түбірдің соңындағы *қ, к, п* дыбыстары қалай айтылады?

Мысал келтір. _____

● ● ● 1-тапсырма. Тәуелдеулі сөздердің тұсына оның түбірін жаз.

Кітабыма – _____

Қайығың – _____

Етігіне – _____

Қармағымды – _____

Белдігімнің – _____

●● 2-тапсырма. Тәуелдеулі зат есімдердің септелу үлгісіне қарап *түйме* сөзін септеп, кестені толтыр.

Атау	Кітап Түйме	Кітабым ...	Кітабың ...	Кітабы ...
Ілік	Кітаптың Түйменің	Кітаб-ым-ның ...	Кітаб-ың-ның ...	Кітаб-ы-ның ...
Барыс	Кітапқа Түймеге	Кітаб-ым-а ...	Кітаб-ың-а ...	Кітаб-ы-на ...
Табыс	Кітапты Түймені	Кітаб-ым-ды ...	Кітаб-ың-ды ...	Кітаб-ы-н ...
Жатыс	Кітапқа Түймеде	Кітаб-ым-да ...	Кітаб-ың-да ...	Кітаб-ы-нда ...
Шығыс	Кітаптан Түймеден	Кітаб-ым-нан ...	Кітаб-ың-нан ...	Кітаб-ы-нан ...
Көмектес	Кітаппен Түймемен	Кітаб-ым-мен ...	Кітаб-ың-мен ...	Кітаб-ы-мен ...

●●● 3-тапсырма. Өлеңді мәнерлеп оқы. Қарамен жазылған сөздерге тәуелдік жалғауын тіркеп жаз.

Қазағымның дәстүрі

Бала келді **өмірге**,
 Болды үйде қуаныш.
Шілдехана жасалды,
 Бұл дағы бір **жұбаныш**.
 Толды бала бір жасқа,
 Тұсауын кесті апасы.
 Жүрді **бала**, ойнады,
 Ісінің жоқ қатасы.

Барды бала **ауылға**,
 Толып бестен алтыға.
 Сәлем берді сүйкімді,
 Тіліменен жалпыға.
 Алды дағы баланы,
 Мінгізді атқа атасы.
 Ержетті ол қабыл боп,
 Атасының батасы.

(«Балдырған» журналынан.)

Үлгі: өмірге – өмір-ім-е,

Сын есім

● ● ● Анықтаманы еске түсіріп, толықтыр.

Заттың _____
_____ *сын есім* деп аталады.

Сұрақтары: _____

Мысалы: _____

● ● ● 1-тапсырма. *Күшейтпелі шырай* дегеніміз не? Мысал келтір.

● ● ● 2-тапсырма. *Асырмалы шырай* дегеніміз не?

● ● 3-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті сын есімді тауып жаз.

1. Атадан жақсы ұл туса,
Жеткізеді мұратқа.
Атадан _____ ұл туса,
Қалдырады ұятқа.

2. _____ достық алтыннан да қымбат.

3. Әдепті бала – _____ бала,
Әдепсіз бала – _____ бала.

4. Көз қорқақ, қол

5. Әсемпаз болма әрнеге,
_____ болсаң арқалан.

Дара және күрделі сын есімдер

●●● **1-тапсырма.** Дара сын есімдерді бір бөлек, күрделі сын есімдерді бір бөлек жаз.

Ақ, көк, қара, өткір көзді, ақшыл, сары, күрең, биік-биік, ауыр, алыс – жақын, үлкен, жақсы – жаман, ап-ащы, тар, сары ала.

А. Дара сын есімдер:

Ә. Күрделі сын есімдер:

1. *Дара сын есімдер* дегеніміз не?

2. *Күрделі сын есімдер* дегеніміз не?

●●● **2-тапсырма.** Мәтінді оқып, көшіріп жаз. «Қара шаңырақ» деген сөздің мағынасын ұғынып ал.

– Балам, қазақта «қара шаңырақ» деген өте ертеден келе жатқан қасиетті сөз бар. Оның негізі әкеден балаға, ұрпақтан-ұрпаққа қалып отырған шаңырақтан талай түтін шыға-шыға әбден ысталып, көпті көрген деген ұғымнан шықса керек. Мына өзіміз отырған пәтер – Ержанға қалатын Момышұлының қара шаңырағы, – деп, сәл үндемей қалды.

(З. Ахметова)

●● **3-тапсырма.** Мақал-мәтелді есінде сақта!

Атадан бала туса игі,
Ата жолын қуса игі.

Қарсы мәндес сын есімдер

● ● ● Анықтаманы еске түсіріп жазып шық.

Мысалы: _____

● ● ● 1-тапсырма. Төмендегі сын есімдердің қарсы мәндес сыңарын тауып, жазып шық.

Жуас –
Қымбат –
Терең –
Алыс –
Ыстық –
Қалың –

Ақ –
Үлкен –
Жуан –
Жақсы –
Жаңа –
Биік –

● ● ● 2-тапсырма. Көп нүктенің орнына қарсы мәндес сын есімдерді қой.

Жақсы – жаныңа жолдас,
... – малыңа жолдас.

Бетегеден биік, жусаннан
Дос жылатып айтады,
... күлдіріп айтады.

● ● ● 3-тапсырма. Сын есімдерді топтап жаз. Заттың түсін білдіретін сөздерді бір бөлек, заттың дәмін білдіретін сөздерді екінші бөлек жаз.

Қызыл, ащы, ақ, тәтті, қышқыл, көк, қара, дәмді, сары, қоңыр.

Түсі	Дәмі
ҚЫЗЫЛ	ащы

● ● 4-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті жұрнақтарды қойып, туынды сын есімге айналдыр.

Қорқ... қоян, көтер... көңіл, көш ... ел, қызған... адам, біл... оқушы,
қон... киім, жама... шалбар, тай... мұз, сүз... сиыр, қыз... жігіт.

Керекті жұрнақтар: -ақ, -пелі, -шақ, -гіш, -ымды, -іңкі, -улы, -ғақ, -еген, -ба.

Есімдік. Есімдіктің түрлері

● ● ● Ережені еске түсір.

_____ орнына жүретін сөз табы.

Мағынасына қарай есімдік _____ бөлінеді:

1. _____ : мен, сен, сіз, ол, біз, сендер, сіздер, олар.
2. _____ : бұл, сол, ол, осы, ана, мынау, сонау, әні, міне.
3. _____ : кім? қайда? қандай? қалай? неше? қанша?
4. _____ : өз, өзім, өзге, өзі, өзіміз.
5. _____ : бәрі, барша, күллі, түгел тегіс, барлық.
6. _____ : біреу, әлдекім, бірнеше, бірдеме, әрбір, кейбір, әрқайсысы.
7. _____ : ештеңе, еш нәрсе, ешкім, дәнеңе, ешбір.

● ● ● **1-тапсырма.** Мәтінді оқып, мазмұнын түсін. Есімдіктерді теріп жаз.

Қазақы дастарқан

Қазақ халқы асты, тағамды өте құрметтеген. Дастарқан жайып, дәмді тағам пісіріп, оны жақсы ыдыстарымен дастарқанға қою дәстүрі ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келеді.

Әжелеріміз бен аналарымыз ұлттық тағамдарымызды дайындау дәстүрін осы күнге дейін сақтап келеді. Олар қымыз, шұбат, құрт, ірімшік жасауды ұрпағына үйретіп отырады. Халқымыз ұлттық тағамдарымызды ерекше дәмді даярлауды өнер деп бағалаған.

Тойдың ең қадірлі тағамы – қазақша ет. Той табағы ерекше болады. Қадірлі қонақтарға бас пен жамбас ұсынады. Дастарқанға, ең алдымен, нан қояды.

Бұл қазақ халқының қонақжай ел екенін көрсетеді.



●● 2-тапсырма. Сөйлемдерді оқып, болымсыздық есімдіктерді теріп жаз.

1. Қу түлкі талай күн жортса да, аузына кесек ештеңе іліктіре қоймапты. 2. Қар түнде жауған, ешқандай із көрінбейді. 3. Отырғандардың ешқайсысының батылы жеткен жоқ. 4. Сенің жақсылығыңды еш уақытта ұмытпаспын. 5. Ол ешкіммен сөйлеспейді, ешкімнің қасына бармайды.

●●● 3-тапсырма. Болымсыздық есімдігінің қатарын толтыр.

Дәнеңе, дәнеме, ештеме, ... , ... ,

●●● 4-тапсырма. Жалпылау есімдігінің қатарын толтыр.

Бәрі, барша, ... , ... ,

●● 5-тапсырма. Жалпылау есімдігін қатыстырып сөйлем ойластыр.

Барлық, барша, бүкіл, түгел, тегіс.

●●● 6-тапсырма. Мақал-мәтелдерден есімдіктерді тауып, түріне қарай ажырат.

1. Өзге елде сұлтан болғанша, өз еліңде ұлтан бол.
2. Әркімнің өзі шығар биігі бар.
3. Өзің қорықпасаң, жау қорқады.

Етістік және оның түрлері

●●● Анықтаманы еске түсіріп жазып шық.

Етістіктің неше түрі бар?

●●● 1-тапсырма. Дара етістік пен күрделі етістіктерді бөлек жаз.

Айт, жүр, көрді, жазып отыр, айтып жүр, жүріп келеді, тастады, лақтырып тастады, кешікті, кешігіп келді, тапты, таба алмады.

Дара етістік

Күрделі етістік

Түр

Айтып түр

●●● 2-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойып, көшіріп жаз.

Апаң сенің базардан,
Алма сатып _____ ,
Ең үлкенін, жақсысын
Саған таңдап _____ .
Не деу керек?
– Рақмет.

Балалар жүр көшеде,
_____ айқай-шу,
Сен де _____ , көршіңді,
_____ байқамай,
Не деу керек?
– Кешірші.

Керекті етістіктер: әкелді, әперді, естіледі, шықтың, қағып кеттің.

●● 3-тапсырма. 1. Тез айтып жаттық!

Балалар қар күреді,
Қарды ауладан өрі күреді.
Күрегі бардың бөрі қар күреді.

2. Етістіктерді теріп жаз.

ЖАНУАРЛАР ӘЛЕМІ МЕН ӨСІМДІКТЕР ДҮНИЕСІ

Негізгі және туынды етістіктер

● ● ● Етістіктер жасалуына қарай неше түрге бөлінеді?

1. *Негізгі етістік* дегеніміз не?

2. *Туынды етістік* дегеніміз не?

● ● 1-тапсырма. Суреттегі жабайы аңдардың атын атап, негізгі етістікті қатыстырып сөйлем құрастыр.



● ● 2-тапсырма. Туынды етістіктер қалай жасалады? Жұрнақтарын еске түсіріп, топтап жаз.

Есімдерден етістік тудыратын жұрнақтар:

а) -ла, -ле, -да, -де, -та, -те: *тісте, қолда, көзде, баста;*

ә) _____

б) _____

в) _____

г) _____

ғ) _____

●●● 3-тапсырма. 1. Өлеңді оқы. Етістіктерді тауып, теріп жаз.

Бөйшешек

Ең әуелі бөйшешек
Қар астында өседі.
Мәз боламыз, күлеміз,
Көрсек гүлін жарғанын.
Бөйшешектен білеміз
Көктем келіп қалғанын.

(Н. Әлімқұлов)

2. Етістіктен етістік тудыратын жұрнақтардың қатарын жалғастыр:

а) -ғыз, -гіз, -қыз, -кіз: *алғыз, бергіз, тергіз, айтқыз;*

ә) _____

б) _____

в) _____

г) _____

ғ) _____

д) _____

е) _____

3. Еліктеу сөздерден етістік тудыратын жұрнақтардың қатарын жалғастыр:

а) -ыра, -іре: *күркіре, желбіре, былбыра;*

ә) _____

б) _____

в) _____

г) _____

●●● 4-тапсырма. Төмендегі еліктеу сөздерге тиісті жұрнақты тіркеп, туынды етістіктерді жаз.

Елпең, желб, пыс, солп, жалп, күж, арбаң, ербең, балп.

Керекті жұрнақтар: -де, -іре, -қыр, -и, -ірей, -ай, -да, -де, -и.

Етістіктің шақтары

● ● ● Осы шақтың анықтамасын еске түсір:

● ● ● **1-тапсырма.** Сөйлемдерді оқы. Көп нүктенің орнына керекті сөздерді қойып, көшіріп жаз. Етістіктер қай шақты білдіріп тұр?

1. Күн нұрын төгіп 2. Мысық төсектің үстінде 3. Өрісте мал жайылып 4. Үстел үстінде алуан түрлі жемістер 5. Оқушылар сыныпта компьютермен жұмыс жасап 6. Суда шабақ балықтар жүзіп 7. Сіз аялдамада

Керекті сөздер: отыр, тұр, жатыр, жүр, тұрсыз.

● ● ● Оқулыққа қарап, келер шақтың анықтамасын жаз.

● ● ● **2-тапсырма.** Көп нүктенің орнына келер шақты білдіретін етістіктерді қойып жаз.

1. Мен дәрігер болып 2. Сен футболдан кейін қайда 3. Інім екеуміз кітапты жақсы ... , көп 4. Біз оқу жылын жақсы 5. Әкем келгенде қатты 6. Жаңа жылда сізге жақсы табыс 7. Ертең әкем Нұр-Сұлтаннан ұшып

Керекті сөздер: барасың, істеймін, қуанамыз, аяқтаймыз, тілейміз, келеді, көреміз, оқимыз.

● ● ● Өткен шақтың анықтамасын еске түсіріп жаз.

● ● ● **3-тапсырма.** Өтірік өлеңді жаттап ал. Етістіктерді тауып көшіріп жаз, астын сыз.

Бірде көрдім барыстың
Малмен бірге жүргенін.
Жақын барып таныстым,
Содан қазір біргемін.

Сөйлем. Жалаң және жайылма сөйлем

●●● Сөйлем дегеніміз не?

Бастауыш пен баяндауыштан құралған сөйлемді _____
_____ дейміз.

Сәби күлді. Әже тоқыды.

Тұрлаулы мүшелерімен қоса тұрлаусыз мүшелері бар сөйлемді _____
_____ дейміз.

Анасының қолында сәби күлді. Әже түрлі жіптен мойыншалма тоқып отыр.

●● 1-тапсырма. Жалаң сөйлемді жайылма сөйлемге айналдырып жаз.

1. Бұлбұл сайрады. _____
2. Жаңбыр жауды. _____
3. Ағам келді. _____
4. Су келді. _____
5. Балалар ойнады. _____
6. Бидай пісті. _____

●● 2-тапсырма. Жайылма сөйлемдерді жалаң сөйлемге айналдыр.

1. Оқушылар тауға шықты. _____
2. Анам Айнұрға әдемі көйлек тікті. _____
3. Балалар кеше театрға барды. _____
4. Біз мектеп ауласына гүл ектік. _____
5. Ағам Нұр-Сұлтаннан ұшақпен ұшып келді. _____

●● 3-тапсырма. Жұмбақтың шешуін жаз.

Жазда таудың басында,
Қыста аяқ астында.
Балмұздақтан аумаған
Бұл не өзі расында?

Сөйлем мүшелері. Тұрлаулы мүшелер

● ● ● Ережені еске түсіріп, аяқтап жаз.

Сөйлем құрамында атқаратын қызметтеріне қарай сөйлем мүшелері _____ екіге бөлінеді.

Тұрлаулы мүшелер _____ тұрады.

а) *Бастауыш* дегеніміз –

Бастауыштың сұрақтары: _____

Мысалы: _____

ә) *Баяндауыш* дегеніміз –

Баяндауыштың сұрақтары: _____

Мысалы: _____

● ● ● **1-тапсырма.** Көп нүктенің орнына керекті сөздерді жазып, сұрақ қой. Қай сөйлем мүшесі екенін анықта.

- ... соғылды.
- ... басталды.
- ... тапсырманы тексерді.
- ... қойылды.
- ... жауап берді.

Керекті сөздер: сабақ, қоңырау, сұрақтар, мұғалім, оқушылар.

● ● ● **2-тапсырма.** 1. Мына баяндауыштарды қатыстырып сөйлем құрап жаз.

_____ жазды. _____ жүрді.

_____ келді. _____ сызды.

_____ оқыды. _____ көрді.

2. Өздерің жазған сөйлемдердегі баяндауыштың астын сызып, үстіне сұрақтарын жазып көрсет.

Тұрлаусыз мүшелер

● ● ● Ережені еске түсір.

Сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері мынандай:

1. _____
2. _____
3. _____

_____ анықтауыш дейміз.

Сұрақтары: _____

● ● ● 1-тапсырма. 1. Көп нүктенің орнына керекті сөзді қойып, көшіріп жаз.

Көктемде күн ... болады. Далада ... шөптер өседі. Адамдар ... киім киеді. Айналаға ... гүлдер қаптады.

Керекті сөздер: өдемі, көк, жеңіл, жылы.


2. Қойған сөздеріңнің қай сөйлем мүшесі екенін анықта, шартты белгімен таңбала.

● ● 2-тапсырма. 1. Сұраққа жауап беріп, сөйлемді толықтырып жаз.

1. Медет (қандай?) _____ кітап оқыды.
2. Атам (қандай?) _____ шапан киді.
3. Аспазшы (қандай?) _____ тағам пісірді.
4. (Қандай?) _____ аспан астында өмір сүреміз.
5. Мен анама (қандай?) _____ гүл сыйладым.
6. Алыстан (қандай?) _____ таулар көрінеді.

2. Сұрақ қою арқылы қай сөйлем мүшесі екенін анықта.

● ● ● 3-тапсырма. Сұрақтың орнына тиісті сөзді қойып, оның қандай сөйлем мүшесі екенін анықта.



_____ шөптер жайқалды.


● ● ● Ережені еске түсір.

_____ толықтауыш дейміз.

Сұрақтары: _____

● ● ● 4-тапсырма. 1. Сұрақтың орнына сөйлемдегі тиісті сөзді қойып, сызбаны толтыр.

Марат кітапты тез оқиды.



2. Қандай сөйлем мүшесі екенін анықта.

● ● ● 5-тапсырма. Көп нүктенің орнына толықтауышты қойып, астын шартты белгімен таңбала.

1. Жанат _____ байлады.
2. Серік _____ оқыды.
3. Біз мектепке _____ келдік.
4. Оқушылар _____ ерте шықты.
5. Қоңыр қозы _____ жемеді.
6. Әлия _____ жазды.

● ● 6-тапсырма. Өлеңді жаттап ал!

Отырғыз ағаш көктемде
Ыстықта басқа көлеңке,
Жемісі шырын тағы бар.
Ауылда әрбір береке,
Күтетін баптап бағы бар.

Бар ма сенің аулыңда,
Жайқалған желек, саябақ?
Көрдің бе сен бағыңды
Қамқоры болып аялап?



Ережені толықтыр:

_____ *пысықтауыш* дейміз.

Сұрақтары: _____

7-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті сөйлем мүшесін қойып, көшіріп жаз.

1. Балалар (қайда?) _____ келді.
2. Бақыт (қайда?) _____ қалды.
3. Мұрат (қайдан) _____, (қашан?) _____ келді.
4. Алма кітапты (қашан?) _____, (қалай?) _____ оқыды.
5. Тал (қашан?) _____, (қалай?) _____ көгерді.

5-тапсырма. 1. Сұрақтардың орнына тиісті сөздерді қойып, сөйлем құрап жаз.

Кім? _____
Нені? _____
Қашан? _____
Қалай? _____

ОҚЫДЫ.

2. Сөйлем мүшесіне талдау жүргіз.

8-тапсырма. 1. Суреттерге қарап сөйлем құрап жаз. Сөйлем мүшелеріне талдау жүргіз.



2. Сөйлем мүшелерін шартты белгімен белгіле.

МАМАНДЫҚТАР ӘЛЕМІ

Сөйлемнің бірыңғай мүшелері

● ● ● Сөйлемнің бірыңғай мүшелері дегеніміз не?

● ● 1-тапсырма. Бірыңғай мүшелерді қатыстырып сөйлем құрастыр.

1. Бидай, арпа, сұлы, күріш

2. Алманың, өріктің, қауынның

3. Оқиды, жазады, ойнайды.

4. Ақ, сары, көк, қызыл

5. Ауылда, қалада, далада

● ● 2-тапсырма. Жұмбақтың шешуін тауып, торкөзге жаз, бірыңғай мүшелердің астын сыз.

Ұлпа, мамық, аппақ,
Жүрмін оны таптап.
Күн жылыған кезде
Тұра алмайсың сақтап.

қ		р
---	--	---

● ● 3-тапсырма. Өлеңді оқып, бірыңғай мүшелердің астын сыз.

Шыбық қада жылда,
Өсімдікті жұлма.
Гүлзарды да баспа,
Емен, жаңғақты шашпа.

Жай сөйлем

●●● Жай сөйлемдер қандай екі түрге бөлінеді?

Мысалы: *Күз келді. Күз биыл ерте келді* деген сөйлемдерді түріне қарай ажыратып жаз.

Жалаң сөйлем

Жайылма сөйлем

●●● 1-тапсырма. Сөйлемдерді оқып, түрлеріне қарай ажыратып жаз.

Ақан келді. Ақан мектепке ерте келді. Қар жауды. Қар қалың жауыпты. Аулада әдемі гүлдер өсіп тұр. Гүлдер өсті.

Жалаң сөйлем

Жайылма сөйлем

●●● 2-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті сөзді жаз.

1. Балалар сабаққа 2. Атам 3. Аспазшы ... пісірді, балаларға ... құйды. 4. Мал ... қайтты . 5. Қозы 6. Жаңбыр 7. Темірлан бүгін ... келді.

Керекті сөздер: тамақ, сорпа, өрістен, келді, жамырады, жауды, ерте, кетті, қуанды.

Құрмалас сөйлем

● ● ● Ережені еске түсір.

Сөйлемдер құрылысына қарай _____ және _____
_____ болып екі үлкен топқа бөлінеді.

Екі немесе бірнеше жай сөйлемнен құралып, күрделі ойды білдіретін сөйлемді _____ дейміз.

● ● ● **1-тапсырма.** Жай сөйлемді құрмалас сөйлемдерге айналдырып жаз.

Мамандықтың бәрі жақсы. Әлемде түрлі мамандық иелері көп. Аспазшы, құрылысшы, дәрігер, инженер, ұшқыш, әнші – бәрі де жақсы мамандық. Бірақ маған мұғалім мамандығы ұнайды. Мен мұғалім болғым келеді. Ол бала оқытады. Оқушыларды тәрбиелейді. Білімді ұрпақ тәрбиелеу – үлкен міндет.

● ● ● **2-жаттығу.** Құрмалас сөйлемдерді жай сөйлемге айналдыр.

1. Қарлығаш төмен ұшса, күн жауады.
2. Жаз ыстық болса, қыс суық болады.
3. Біз далаға шықсақ, жаңбыр басталыпты.
4. Қыс түсті де, төңіректі түгел қар басты.
5. Кітап балаларға ұнады, өйткені онда көп өлеңдер жазылған.

Қаратпа сөз

●●● Ережені еске түсір.

Тілде біреудің назарын аудару үшін қолданылатын сөздер болады, ондай сөздерді _____ дейді.

●●● 1-тапсырма. Сөйлемдерді дұрыс толықтырып, қаратпа сөздерді жаз.

1. – Әй, ... неғып тұрсың? – депті.
2. – Ой, неғыласың, ... , жаным рақат тауып тұр: қырда өрі шөлдеп, өрі ыстықтап өліп едім.
3. ... , бұл жол даналыққа апарады.
4. – Айналайын, ... , – деді әжем.
5. Сен, ... , кітапты ал.

Керекті сөздер: түлкі, батыр, балалар, батыр, Бейсенжан, Ботагөз.

●● 2-тапсырма. Сөйлемдердегі қаратпа сөздердің астын сыз.

1. Қымбатты қонақтар, бүгін біздің мектебімізде үлкен мереке!
2. Жол болсын, ата! Қонақтардың алды болып келіпсіз. Келіңіз, төрге шығыңыз.
3. Сүйінші, апа! Үлкен немереңіз оқуға түсіпті.
4. Айналайын анашым, сізді мерекеңізбен құттықтаймыз!
5. Оқушылар, сабаққа кешікпей келіңдер.

●●● 3-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті қаратпа сөзді қой.

1. ... , бүгін сабақ ерте басталады.
2. Сүйікті, ... сенің еңбегіңді ұмытпаймын.
3. ... аманбысың, шырақтарым,
Майысып көлге біткен құрақтарым.
4. Сәлеметсіз бе, ... ! Мен сізді қатты сағындым!

Керекті қаратпа сөздер: анашым, досым, анашым, оқушылар.

Қыстырма сөз

● ● ● Анықтаманы еске түсір.

● ● ● 1-тапсырма. Мәтінді оқып, қыстырма сөздерді тауып теріп жаз.

Менің атым – Қожа

Атымды айта бастасам, тілім таңдайыма жабысып қалғандай болады да тұрады. Сірә, адамның атының да сүйкімді болуы зор бақыт па деймін. Мәселен, Мұрат, Болат, Ербол, Бақыт деген аттарды алып қараңдаршы. Меніңше, айтуға да ықшам, естір құлаққа да жағымды. Көріп отырсыңдар, пәлендей әйдік ат емес. Шынын айтсам, бұл о баста Қожа емес, Қожаберген екен. Қысқасы, бертін келе Қожабергеннің «құйрығы» түсіп қалыпты.

● ● ● 2-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті қыстырма сөздерді жаз.

1. Болашақта, ... , сен мұғалім боларсың.
2. ... , сен кітап оқығанды жақсы көретін сияқтысың.
3. ... , оқуымды жалғастырамын.
4. ... , ол өз сөзінде тұратын сияқты.
5. ... , өзің, бір қызық жан екенсің.

Керекті сөздер: бөлкім, байқаймын, әрине, меніңше, шынымды айтсам.

● ● ● 3-тапсырма. Өлеңді жаттап ал.

Монтёр ағай

Ағай епті қолымен
Жүреді ылғи от беріп.
Тарам-тарам жолымен
Жүгіреді тоқ келіп.
Көшеде, үйде, кеңседе,
Жүреді ағай шам жағып.
Түн ішінде келсе де,
Ол жүрген жер жап-жарық.

(М. Әлімбаев)

САЯХАТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ

Байланыстырып сөйлеу

●●● 1-тапсырма. Сұраққа жауап бере отырып сөйлем құрастыр.

Саяхат кезінде әңгіме жүргізу

1. Сендер қай жерге бардыңдар?
2. Саяхатқа кімдермен бардыңдар?
3. Онда не көрдің?
4. Сендер саяхатқа не мақсатпен бардыңдар?
5. Естеріңде не қалды?
6. Бұл жер сендерге ұнады ма?



●● 2-тапсырма. Басталған әңгімені жалғастырып жаз.

Туған жерге саяхат

Біздер қалада тұрамыз. Ал атам мен әжем таулы өңірде тұрады. Мен жаз айларында ауылға қыдырып барамын...

●● 3-жаттығу. Ақ батаны жаттап ал!

Атаңның иықтысы бол,
Анаңнан сүйіктісі бол.
Халқыңа қадірі асқан
Мәртебесі биік кісі бол.
Әумин!

●● 4-тапсырма. Сурет пен мәтінді пайдалана отырып өзің туралы әңгіме құрастыр. Сен ұшақпен қайдан келдің?

Әуежайда



Әуежайда адамдар өте көп. Жаңа ғана «Нұр-Сұлтан – Алматы» рейсімен жолаушылар ұшып келді. Бірнеше жолсеріктер ұшақтардан түсуде. Ал жаңа «Атырау – Алматы» рейсімен ТУ-154 ұшағы қонды. Диктор бұл туралы хабарлап жатыр. Мен осы рейстен інімді күтіп тұрмын.

Міне, өзі де көрінді.

– Сәлем, Дәулет!

– Сәлем, Берік!

– Кешігіп қондыңдар ғой?

– Иә, Атырауда тұман болды және өте қатты жел соқты. Алматыда түп-тұнық.

– Бізде жылы, бірақ облыстарда жел қатты болғандықтан, Алматыдан ұшақтар ұшпай жатыр.

– Иә, солай сияқты, әуежайда жолаушылар көп.

Тірек сөздер: әуежай, Нұр-Сұлтан, Орал, рейс, Ту-154 ұшағы, жолаушылар, диктор, тұман, жел.

Диалогтік сөйлеу

●●● Анықтаманы еске түсір.

●●● 1-тапсырма. Диалог сөздің не туралы екенін түсініп оқы. Сен демалыста қайда барасың? Үлгіге қарап диалогті өз бетіңмен құрастырып көр.

Екі дос жазғы демалыс туралы әңгімелесіп отыр.

- Мен жазда жайлауда мал бақтым.
 - Қалай бақтың? Не істедің?
 - Ерте тұрып, атыма жем беріп, оны суардым.
 - Ал содан кейін не істедің?
 - Содан кейін малды өріске айдадым. Күнге күйіп, өзенге барып суға шомылдым. Күнде осылай.
 - Кешке дейін тамақ ішпейсің ба?
 - Неге ішпеймін? Түсте от жағып, шай қоямын. Содан кейін атам екеуміз ыстық шай ішеміз.
 - Далада өзен жағасында ішкен шай дәмді шығар?
 - Әрине, таза ауада демалып отырып ішкен тамақ өте дәмді болады екен.
-
-
-
-
-
-
-
-

●● 2-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

- Сен жазда қайда барасың?
- Мен жазда ... барамын.
- Онда кім бар?
- Онда ... бар.
- Саған жазда қыдырған ұнай ма?
- Иә, ... ұнайды.

Оқу басылымы

**Бекмұхамбетова Күлән Мусиновна
Биисова Аслима Кабекешовна**

ҚАЗАҚ ТІЛІ

Зерде бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы
мектептердің (сыныптардың) 7-сыныбына арналған
жұмыс дәптері

Редакторы **К. Ж. Есенжолова**
Суретшісі **Д. И. Белов**
Компьютерде беттеген **С. К. Ильясова**

Басуға 24.05.2019 қол қойылды.
Есептік баспа табағы 6. Шартты баспа табағы 5,58.
Пішімі 60x84 ¹/₈. Офсеттік қағаз